

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 желтоқсан N 1704

Ұлттық кинематографияны дамыту және қазақ халқының сан ғасырлық тарихын бейнелейтін фильмнің шығарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне "Көшпенділер" екі сериялы көркем фильмін шығаруға 150000000 (бір жүз елу миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдалануын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары И.Н. Тасмағамбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК